

## Тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 15 қыркүйектегі № 414 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 16 қазанда № 3486 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 288 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 12.07.2017 № 288 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16 - бабының 1- тармағына және "Тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" 2015 жылғы 6 мамырдағы № 4-2/416 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі бұйрығына сәйкес, Алматы облысының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Қ о с а б е р і л і п о т ы р ғ а н :

1) "Тұқымның сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларды аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

2) "Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттері бекітілсін.

2. Алматы облысы әкімдігінің 2014 жылғы 19 маусымдағы "Алматы облысының ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету регламенттерін бекіту туралы" № 218 (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылғы 23 маусымда № 2780 тіркелген және 2014 жылғы 19 тамыздағы "Жетісу" мен "Огни Алатау" газеттерінің № 96 жарияланған) және 2014 жылғы 19 қыркүйектегі "Тұқымның сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларды аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" № 335 (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылғы 24 қазанда № 2886 тіркелген және 2014 жылғы 13 қарашадағы "Жетісу" мен "Огни Алатау" газеттерінің № 127-128 жарияланған) қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

3. "Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысына осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген интернет-ресурста және облыс әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С. Бескемпіровка жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы  
облысының әкімі

А. Баталов

Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы "15" қыркүйектегі № 414 қаулысымен бекітілген

## **"Тұқымның сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларды аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Тұқымның сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларды аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) жергілікті атқарушы орган атынан Алматы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы көрсетеді.

2. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы № 4-2/416 бұйрығымен бекітілген "**Тұқымның сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларды аттестаттау**" мемлекеттік қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік қызметті Алматы облысының жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) "электрондық үкіметтің" веб-порталы: [www.e.gov.kz](http://www.e.gov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

### **2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап немесе порталға жүгінген кезде – 18 (он сегіз) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың

толықтығын тексеруге міндетті.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімдерде өтінішті әрі қарай қараудан жазбаша дәлелді бас тартады;

2) қажетті құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минуттан артық емес;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минуттан артық емес.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – аттестаттау туралы куәлік.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған (бұдан әрі - ЭЦҚ) электрондық құжат нысанында жолданады.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін қағаз жеткізгіште алуға жүгінген жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық нысанда ресімделеді, басып шығарылады және мөрмен нәтижесі электрондық нысанда ресімделеді, басып шығарылады және мөрмен және көрсетілетін қызметті берушінің басшысының қолымен куәландырылады.

7. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі;

2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің 1-қосымшасына сәйкес  
н ы с а н б о й ы н ш а ө т і н і ш ;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің 2-қосымшасына сәйкес  
м ә л і м е т т е р н ы с а н ы ;

п о р т а л ғ а :

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат  
н ы с а н ы н д а ғ ы с ұ р а у с а л у ;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің 2-қосымшасына сәйкес  
м ә л і м е т т е р н ы с а н ы .

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

көрсетілетін қызметті берушіге – қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде оның көшірмесінде құжаттар топтамасын қабылданған күні мен уақыты көрсетіле отырып, тіркеу туралы белгі қойылғаны болып табылады;

портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұраусалудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

### **3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы регламенттің 12 – тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші б а с ш ы с ы н ы ң а т ы н а б е р і л е д і .

Шағым жазбаша нысанды почта арқылы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда электрондық түрде не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымда заңды тұлғаның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюы тиіс.

Қабылданған шағым көрсетілетін қызметті берушінің жеке және заңды тұлғалардың шағымдары мен өтініштерін есепке алу журналдарында тіркеледі.

Шағымның қабылданғанын растайтын құжат күні мен уақыты, өтінішті/шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, сондай-ақ берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны және шағымды қарау барысы туралы білуге болатын лауазымды адамдардың байланыс деректері көрсетілген талон болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, бұл ақпарат көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап)

ж а ң а р т ы л ы п

о т ы р а д ы .

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта арқылы жолданады не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі

а р қ ы л ы

қ о л м а - қ о л

б е р і л е д і .

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

#### **4. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге талаптар**

11. Мемлекеттік қызметті көрсеткен кезде күту және қажетті құжаттарды дайындау үшін жағдай жасалады (күтуге арналған креслолар, қажетті құжаттарды толтыруға арналған орындар қажетті құжаттар тізбесі мен оларды толтыру үлгілері бар стендтермен жарақталады).

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекен-жайы Ауыл шаруашылығы басқармасының [almobl-ush.gov.kz](http://almobl-ush.gov.kz) сайтында "Бөлім туралы" бөлімінің "байланыс ақпараты" кіші бөлімінде орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болу шартымен мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электронды нысанды түрде алу мүмкіндігі б а р .

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "

жеке кабинеті" арқылы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефоны: 8(7282) 27-05-37, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

"Тұқымның сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларды аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша

Н ы с а н

---

— (облыстың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органының атауы көрсетіледі)

---

— (заңды тұлғаның толық атауы және бизнес сәйкестендіру нөмірі)  
Ө т і н і ш  
Аттестаттаудан, қайта аттестаттаудан (қажеттісінің астын сызу керек)  
ө т к і з у д і және

---

— (тұқым сапасына сараптама жасалатын ауыл шаруашылығы өсімдіктерін көрсету)  
тұқымның сапасына сараптама жасау жөніндегі зертхана мәртебесін беруді с ұ р а й м ы н .

Заңды тұлға туралы мәліметтер:

Мекенжайы: \_\_\_\_\_

(индексі, ауданы, облысы, қаласы (ауылы), көшесі, үй нөмірі, телефоны, электрондық мекенжайы)  
Қоса берілетін құжаттар:

---

— ("Тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертхананы аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағына сәйкес)

---

— Заңды тұлғаның құрамына кіретін құрылымдық бөлімшелердің тізбесі (бар болса) қоса беріледі.  
Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын

мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Ұсынылған ақпараттың шынайылығын растаймын және шынайы емес мәліметтерді ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Басшы \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Мөр орны толтыру күні: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
Өтініш 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ қарауға қабылданды

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)  
20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ өтінішке қосымша  
Н ы с а н

Заңды тұлғаның құрамына кіретін құрылымдық бөлімшелердің тізбесі (бар болса)

р/с №	Атауы	Почталық мекенжайы	Электрондық мекенжайы	Байланыс телефондары	Тұқым сапасына сараптама жасалатын ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің атауы
1	2	3	4	5	6

Басшы \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

"Тұқымның сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларды аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

### **Тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларға қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны\***

Тұқым сапасына сараптама жасауды өткізуге арналған ғимараттың (үй-жайдың) болуы туралы мәлімет:

р/с №	Жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайы	Меншік құқығын немесе өзге заңды негізді растайтын құжаттың атауы, нөмірі және күні
1	2	3

Зертханалық жабдықтар және өлшем құралдарының болуы туралы мәліметтер:

		20__ жылғы	Зертханалық жабдықтардың, өлшем	Салыстырып тексеру (аттестаттау) туралы
--	--	------------	---------------------------------	---

р/с №	Зертханалық жабдықтардың, өлшем құралдарының атауы	Өлшем бірлігі	_____ қолда бары	құралдарының зауыттық нөмірі	сертификаттың нөмірі және күні
1	2	3	4	5	6

**Құрал-саймандардың болуы туралы мәліметтер:**

р/с №	Құрал-сайман атауы	Өлшем бірлігі	20__ жылғы _____ қолда бары
1	2	3	4

Тұқымдардың сынамаларын сақтауға арналған сөрелердің болуы туралы мәлімет: \_\_\_\_ дана

**Тұқымдық сарапшылардың болуы туралы ақпарат:**


р/с №	Маманның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Білімі бойынша мамандығы	Жергілікті атқарушы орган тұқымдық сарапшыдан алынған, тұқымның сұрыптық және егістік сапасына сараптаманы жүргізу бойынша қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарламаның нөмірі және күні	Тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханамен еңбек қатынасында болуын растайтын құжаттың нөмірі және күні
1	2	3	4	5





Ескерту: \* әр құрылымдық бөлімше бойынша толтырылады (бар болса)

"Тұқымның сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларды аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 3-қосымша

**Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің "Тұқымның сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларды аттестаттау" анықтамалығы**





-  - мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;
-  - таңдау нұсқасы;
-  - көрсетілетін қызметті алушы және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің рәсімінің (іс қимылының) атауы;
-  - келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

## **"Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) жергілікті атқарушы орган атынан Алматы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы көрсетеді.

2. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы № 4-2/416 бұйрығымен бекітілген Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау" мемлекеттік қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік қызметті Алматы облысының жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;
- 2) "Халыққа қызмет көрсету орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ХҚО);
- 3) "электрондық үкіметтің" веб-порталы: [www.e.gov.kz](http://www.e.gov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

### **2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге, ХҚО-ға құжаттар топтамасын тапсырған күнінен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – 20 (жиырма) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруге міндетті.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімдерде өтінішті әрі қарай караудан жазбаша дәлелді бас тартады;

2) көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар

топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минуттан аспайды;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минуттан аспайды.

ХҚО-ға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – аттестаттау туралы куәлік.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы мен қол қойылған (бұдан әрі – ЭЦҚ) электрондық құжат нысанында жолданады.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін қағаз жеткізгіште алуға жүгінген жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық нысанда ресімделеді, басып шығарылады және мөрмен және көрсетілетін қызметті берушінің басшысының қолымен куәландырылады.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі;

2) ХҚО-да: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі мен сенбіні қоса алғанда жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Өтініштерді қабылдау және нәтижелерді беру жеделдетілген қызмет көрсетусіз "электрондық кезек" тәртібімен жүзеге асырылады, электрондық кезекті портал арқылы брондауға болады;

3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және

мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге және ХҚО-ға жүгінген кезде: осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің 2, 3, 4 және 5-қосымшаларына сәйкес мәліметтер нысаны;

2) порталға: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2, 3, 4 және 5-қосымшаларына сәйкес мәліметтер нысаны.

Жеке басын куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ХҚО-ның қызметкері ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады.

ХҚО арқылы құжаттарды қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылдағаны туралы қолхат беріледі.

ХҚО-да дайын құжаттарды беру көрсетілетін қызметті алушы (не нотариалды расталған сенімхат бойынша оның өкілі) жеке куәлігін көрсеткен кезде қолхат негізінде жүзеге асырылады.

ХҚО нәтижені бір ай ішінде сақтауды қамтамасыз етеді, содан кейін көрсетілетін қызметті берушіге одан әрі сақтау үшін береді. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткен соң жүгінген кезде ХҚО-ның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін ХҚО-ға жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

көрсетілетін қызметті берушіге – қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде оның көшірмесінде құжаттар топтамасын қабылданған күні мен уақыты көрсетіле отырып, тіркеу туралы белгі қойылғаны болып табылады;

портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып,

мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

### **3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, ХҚО-ның және (немесе) олардың қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым регламенттің 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызмет беруші басшысының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанды почта арқылы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда электрондық түрде не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Ш а ғ ы м д а :

жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), почталық мекенжайы; заңды тұлғаның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюы тиіс.

Қабылданған шағым көрсетілетін қызметті берушінің жеке және заңды тұлғалардың шағымдары мен өтініштерін есепке алу журналдарында тіркеледі. Шағымның қабылданғанын растайтын құжат күні мен уақыты, өтінішті/шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, сондай-ақ берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны және шағымды қарау барысы туралы білуге болатын лауазымды адамдардың байланыс деректері көрсетілген талон болып табылады.

ХҚО-ның қызметкері дөрекі қызмет көрсеткен жағдайда, шағым ХҚО басшысының атына беріледі.

Қолма-қол, сол сияқты почта арқылы түскен шағымның ХҚО кеңсесінде қабылданғанын растау оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркелген күні шағымның екінші данасына немесе шағымның ілеспе хатына қойылады) болып табылады.

Портал арқылы жүгінен кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинетінен" өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, бұл ақпарат көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына немесе ХҚО-ға келіп түскен

көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта арқылы жолданады не көрсетілетін қызметті берушінің немесе ХҚО-ның кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

#### **4. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге талаптар**

11. Мемлекеттік қызметті көрсеткен кезде күту және қажетті құжаттарды дайындау үшін жағдай жасалады (күтуге арналған креслолар, қажетті құжаттарды толтыруға арналған орындар қажетті құжаттар тізбесі мен оларды толтыру үлгілері бар стендтермен жарақталады).

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайы Ауыл шаруашылығы басқармасының [almobl-ush.gov.kz](http://almobl-ush.gov.kz) сайтында "Бөлім туралы" бөлімінің "байланыс ақпараты" кіші бөлімінде орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болу шартымен мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электронды нысанда түрде алу мүмкіндігі бар.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы " жеке кабинеті" арқылы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефоны: 8(7282) 27-05-37, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

"Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымөндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша

**Н ы с а н**

---

\_\_\_ (облыстың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті

атқарушы \_\_\_\_\_ органының \_\_\_\_\_ атауы \_\_\_\_\_ көрсетіледі)

\_\_\_\_\_ (заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_ (бар \_\_\_\_\_ болса) \_\_\_\_\_ көрсетіледі)

Ө т і н і ш

Аттестаттаудан, қайта аттестаттаудан (қажеттісінің астын сызу керек) өткізуді және \_\_\_\_\_

-----  
(ауыл шаруашылығы өсімдігінің атауы, сорттардың саны көрсетіледі)

(бірегей тұқым өндірушілерге сорттардың саны көрсетілмейді))

тұқымын өндіру және сату (тұқым өткізушілер үшін - тұқым сату ғана) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ мәртебесін беруді

(берілетін мәртебе түрлерінің бірі көрсетіледі))

с ұ р а й м ы н .

Жеке немесе заңды тұлға туралы мәліметтер:

1. Меншік нысаны \_\_\_\_\_

2. Құрылған жылы \_\_\_\_\_

3. Жеке тұлғаның жеке куәлігі немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама немесе \_\_\_\_\_

(нөмірі, кім және қашан бергені көрсетіледі)

4. Мекенжайы: \_\_\_\_\_

(индексі, қаласы, ауданы, облысы, көшесі, үйдің нөмірі, телефоны, факсы, электрондық \_\_\_\_\_ мекенжайы)

5. Банк деректемелері \_\_\_\_\_

(жеке сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның БСН,

есеп-шот №, банктің атауы және орналасқан жері)

6. Қоса беріліп отырған құжаттар: \_\_\_\_\_

7. Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді \_\_\_\_\_ пайдалануға \_\_\_\_\_ келісемін

8. Ұсынылған ақпараттың шынайылығын растаймын және шынайы емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік \_\_\_\_\_ туралы \_\_\_\_\_ хабардармын.

Басшы \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)  
Мөр орны 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
Өтініш 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ карауға қабылданды

(өтінішті қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

"Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

## Бірегей тұқымдар өндірушілерді аттестаттау жөніндегі мәліметтер нысаны

1. Заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_

2. Бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

3. Телефоны \_\_\_\_\_

4. Электрондық почта \_\_\_\_\_

5. Жер учаскесіне арналған сәйкестендіру құжаты \_\_\_\_\_

1) Жерге акті (құжаттың нөмірі) \_\_\_\_\_

2) Жерге актінің берілген күні \_\_\_\_\_

6. Жер учаскесін жалға беру шарты

Р/с №	Кадастрлық нөмірі	Жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайы	Меншік иесі (құқық иеленуші)	Құқығы туындайтын негіз	Жалға беру мерзімі
1	2	3	4	5	6

### кестенің жалғасы

Жер учаскесінің ауданы (га)	Жерлердің санаты	Нысаналы мақсаттағы	Пайдалануға және ауыртпалыққа қою шектеу	Жер учаскесінің бөлінуі	Жоспар шекарасындағы жат жер учаскелері
7	8	9	10	11	12



7. Тұқым өндірумен тікелей айналысатын мамандардың болуы туралы мәліметтер.

р/с №	Маманның Т.А.Ә.	Білімі бойынша мамандығы	Лауазымы	Мамандығы бойынша жұмыс өтілі
1	2	3	4	5

8. Бірегей тұқымдарды өндіруді жүргізу үшін егістік алаңының (суармалы жерлерде – сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістіктің) болуы.

9. Бірегей тұқымдар өндіру жүргізілетін, ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақты-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес салынған және кемінде бір ротациядан өткен, игерілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің болуы.

10. Жалпы егіс алаңының кемінде 30 пайызынан кем емес тұқым шаруашылығы егістіктерінің болуы.

11. Бірегей тұқымдар өндірісі (бастапқы тұқым шаруашылығы) бойынша 6 жылдан кем емес жұмыс тәжірибесінің болуы.

12. Нақты топырақты-климаттық аймаққа арналған ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру бойынша ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес сорттық агротехниканың болуы.

13. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған бірегей тұқымдар өндірушінің аумағында карантиндік объектілердің болмауы, бұл ретте карантиндік объектілер бірегей тұқымдар өндірушінің аумағында аттестаттау сәтіне дейін кемінде үш жыл кезеңінде де болмауы тиіс:

р/с №	Қорытынды нөмірі	Қорытынды күні	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторының Т.А.Ә.	Шығарылатын қорытынды
1	2	3	4	5

14. Дақыл жөнінде бес жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар кемінде бір маман-селекционердің болуы немесе ауыл шаруашылығы өсімдіктері селекциясы саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғамен бірегей тұқымдар өндірісі бойынша бірлескен жұмысты жүзеге асыруға шарттың болуы:

р/с №	Шарт нөмірі	Күні	Заңды тұлғаның толық атауы/жеке тұлғаның Т.А.Ә.	БСН/ЖСН	Мекенжайы
1	2	3	4	5	6

15. Кемінде бір агроном-тұқымшының және әр дақыл бойынша маманның, сондай-ақ дақыл мен сорттың тұқым шаруашылығы жөніндегі жұмыстың ерекше әдістерін меңгерген техникалық персоналдың кемінде үш адамының болуы.

16. Дақыл мен сорттың биологиялық белгілері мен қасиеттерін ескеретін схемаларға қатаң сәйкестікте бірегей тұқымдар өндірісін қамтамасыз ету.

17. Кейіннен элиталық тұқымдар өндірісін қамтамасыз ету мақсатында бірегей тұқымның жоспарланған көлемін өндіруге қажетті түр-түрде және көлемде сорттың тұқымдық материалының (жеміс, жидек дақылдарының және жүзімнің көшетін өндірушілер үшін аналық екпе ағаштардың) болуы.

18. Мынадай:

1) бастапқы буындардың негізін қалау үшін – 100 пайыз;

2) суперэлита үшін – 50 пайыз қажеттілікте тұқым сақтандыру қорларының болуы.

19. Бірегей тұқымдар өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдіктері түрлерінің бірегей тұқымдарын өндіру жөніндегі жұмыстардың бүкіл кешенін қамтамасыз ету үшін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған селекциялық және тұқым шаруашылығы техникасының болуы.

20. Тұқымдар партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырманدارдың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы ыдыстың, асфальтталған жабық алаңдардың, жеміс, жидек дақылдары мен жүзімге арналған көму алаңдарының болуы.

21. Бірегей тұқымдар өндірісі жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр сорты бойынша өндірілген, сатылған және өз шаруашылығында пайдаланылған бірегей тұқымның саны мен сапасына, шыққан тегіне (себу, іріктеу, сорттық, түрлік және фитопатологиялық отаулар (тазалаулар), егістіктерді қабылдау және (немесе) байқаудан өткізу, бірегей тұқымдарды жинау, кіріске алу, тазалау және өңдеу, сату актілері, тұқымдарды есепке алу журналы (ол тиісті жергілікті атқарушы органның тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторымен нөмірленуге, тігілуге, қолы қойылуға тиіс), тұқымдардың кондициялығы туралы куәлік, тұқымдардың аттестаты) есеп жүргізу.

22. Сортты шығару әдісін, ата-аналық тегінің нысандар, сорт белгілерінің ерекше сипаттамалары туралы мәліметтерді көрсететін сорт жөніндегі құжаттаманы жүргізу.

23. Тұқым шаруашылығы жөніндегі есеп материалдарының алты жылдан кем емес мерзім ішінде сақталуын қамтамасыз ету.

"Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 3-қосымша

## Элиталық тұқымдар өндірушілерді аттестаттау жөніндегі мәліметтер нысаны

1. Заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_

2. Бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

3. Телефоны \_\_\_\_\_

4. Электрондық почта \_\_\_\_\_

5. Жер учаскесіне арналған сәйкестендіру құжаты:

6. Жерге акті (құжаттың нөмірі) \_\_\_\_\_

7. Жерге актінің берілген күні \_\_\_\_\_

8. Жер учаскесін жалға беру шарты:

р/с №	Кадастрлық нөмірі	Жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайы	Меншік иесі (құқық иеленуші)	Құқығы туындайтын негіз	Жалға беру мерзімі
1	2	3	4	5	6

### кестенің жалғасы

Жер учаскесінің ауданы (га)	Жерлердің санаты	Нысаналы мақсаттағы	Пайдалануға және ауыртпалыққа қою	Жер учаскесінің бөлінуі	Жоспар шекарасындағы жат жер учаскелері
7	8	9	10	11	12

9. Тұқым өндірумен тікелей айналысатын мамандардың болуы туралы мәліметтер:

р/с №	Маманның Т.А.Ә.	Білімі бойынша мамандығы	Лауазымы	Мамандығы бойынша жұмыс өтілі
1	2	3	4	5

10. Элиталық тұқымдар өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдігінің

ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақты-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес салынған, және кемінде бір ротациядан өткен игерілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің болуы.

11. Нақты топырақты-климаттық аймаққа арналған ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру бойынша ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес сорттық агротехниканың болуы.

12. Жалпы егіс алаңының 25 пайызынан кем емес тұқым шаруашылығы егістіктерінің болуы.

13. Соңғы үш жылдағы өнімділіктің орташа облыстық көрсеткіштен жоғары болуы.

14. Тұқым шаруашылығы бойынша жұмыс тәжірибесі төрт жылдан кем емес.

15. Жалпы өндіріс көлеміндегі қызметтің негізгі түрінің (элиталық тұқым шаруашылығы) үлес салмағын қамтамасыз етудің 25 пайыздан кем болмауы.

16. Тұқым шаруашылығы жүргізілетін егілетін дақылдардың саны 4-тен көп емес.

17. Аттестаттау нысанына сәйкес тұқым шаруашылығы жүргізілетін әр дақыл бойынша сорттардың саны 3-тен көп емес, жүгеріні қоспағанда 9-дан көп емес.

18. Суперэлиталық тұқымды егуге қажетті тұқымның сақтандыру қоры - 50 пайыз болуы.

19. Дақылдар мен сорттар бойынша сорт жаңарту жоспарының болуы.

20. Аудандастырылғандар тізбесіне енгізілген тұқым сорттарын өсіру схемасының болуы.

21. Тұқым материалдарын өсіру жұмыстарының барлық түрлері мен оның сапалық көрсеткіштері көрсетілетін құжаттаманы жүргізу және есепке алуды ұйымдастыру.

22. Элиталық тұқымның жоспарланған мөлшерін өндіру үшін түр-түрде және көлемде негізгі тұқым материалының (бірегей тұқымдар) аудандастырылған және перспективті сорттарының болуы.

23. Аттестаттауға өтініш берген күнінен бастап кемінде екі жыл мерзімге элиталық тұқымның жоспарланған мөлшерін өндіру үшін түр-түрде және көлемде аудандастырылған және перспективті сорттардың бірегей немесе суперэлиталық тұқымдарын жеткізу туралы бірегей тұқым өндірушімен жасалған шарттың болуы:

р/с №	Шарт нөмірі	Күні	Заңды тұлғаның толық атауы/жеке тұлғаның Т.А.Ә.	БСН/ЖСН	Мекенжайы
1	2	3	4	5	6

24. Ауыл шаруашылығы өсімдіктері селекциясы саласында ғылыми-зерттеу

жұмыстарын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғамен элиталық тұқым өндірісін ғылыми сүйемелдеуге жасалған шарттың болуы:

р/с №	Шарт нөмірі	Күні	Заңды тұлғаның толық атауы/жеке тұлғаның Т.А.Ә.	БСН/ЖСН	Мекенжайы
1	2	3	4	5	6

25. Элиталық тұқымның жоспарланған көлемін өндіру жөніндегі жұмыстар кешенін қамтамасыз етуге арналған меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы тұқым тазалайтын техниканы және тұқымды дәрілейтін техниканы қоса алғанда, ауыл шаруашылығы техникасының болуы.

26. Тұқымдар партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырманدارдың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы ыдыстың, асфальтталған жабық алаңдардың, жеміс, жидек дақылдары мен жүзімге арналған көму алаңдарының болуы.

27. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр сорты бойынша өндірілген, сатылған және өз шаруашылығында пайдаланылған тұқымның саны мен сапасына, шыққан тегіне (себу, егістіктерді қабылдау және (немесе) байқаудан өткізу, тұқымды жинау, кіріске алу, тазалау және өңдеу, сату актілері, тұқымдардың аттестаттары, тұқымдардың кондициялығы туралы куәлік, тұқымдарды есепке алу журналы (тиісті жергілікті атқарушы органның тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторымен нөмірленуге, тігілуге, қолы қойылуға тиіс) есеп жүргізу.

28. Тұқым шаруашылығы бойынша есеп материалдарының кемінде бес жыл сақталуын ұйымдастыру.

29. Жоспарланған жұмыс көлемін білікті түрде орындау үшін тиісті білімі бар (орта білімнен кейінгі немесе жоғары) штат кестесінде көзделген мамандар санының, оның ішінде кемінде бір агроном-тұқымшының болуы.

30. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған элиталық тұқым өсіру шаруашылығының аумағында карантиндік объектілердің болмауы, бұл ретте карантиндік объектілер элиталық тұқым өсіру шаруашылығының аумағында сондай-ақ аттестаттау сәтіне дейін кемінде үш жыл кезеңінде болмауы тиіс:

--	--	--	--	--	--

р/с №	Қорытынды нөмірі	Қорытынды күні	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторының Т.А.Ә.	Шығарылатын қорытынды
1	2	3	4	5

31. Элиталық тұқымдарды өндіруді жүргізу үшін егістік алаңның (суармалы жерлерде – сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістіктің) болуы тиіс.

"Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 4-қосымша

### **Тұқым өсіру шаруашылықтарын аттестаттау жөніндегі мәліметтер нысаны**

1. Заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_

2. Бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

3. Телефоны \_\_\_\_\_

4. Электрондық почта \_\_\_\_\_

5. Жер учаскесіне арналған сәйкестендіру құжаты:

6. Жерге акті (құжаттың нөмірі) \_\_\_\_\_

7. Жерге актінің берілген күні \_\_\_\_\_

8. Жер учаскесін жалға беру шарты:

р/с №	Кадастрлық нөмірі	Жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайы	Меншік иесі (құқық иеленуші)	Құқығы туындайтын негіз	Жалға беру мерзімі
1	2	3	4	5	6

#### **кестенің жалғасы**

Жер учаскесінің ауданы (га)	Жерлердің санаты	Нысаналы мақсаттағы	Пайдалануға және ауыртпалыққа шектеу қою	Жер учаскесінің бөлінуі	Жоспар шекарасындағы жат жер учаскелері
7	8	9	10	11	12

9. Тұқым өндірумен тікелей айналысатын мамандардың болуы туралы мәліметтер:

р/с №	Маманның Т.А.Ә.	Білімі бойынша мамандығы	Лауазымы	Мамандығы бойынша жұмыс өтілі
1	2	3	4	5

10. Тұқым шаруашылығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс тәжірибесінің болуы – екі жылдан кем емес.

11. Бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдарды өндіруге жүргізу үшін егістік алаңның (суармалы жерлерде - сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістіктің) болуы.

12. Бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақты-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес енгізілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің болуы.

13. Жалпы егіс алаңының кемінде 20 пайызы тұқым шаруашылығы егістіктерінің болуы.

14. Тұқым шаруашылығы жүргізілетін өңделетін дақылдардың саны - 3-тен көп емес.

15. Аттестаттау нысанасына сәйкес тұқым шаруашылығы жүргізілетін әрбір дақыл бойынша сорттардың саны - 3-тен көп емес, жүгеріні қоспағанда 9-дан көп емес.

16. Аттестаттауға өтініш берген күнінен бастап кемінде үш жыл мерзімге бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндіру үшін элиталық тұқымдар жеткізу туралы элиталық тұқым өсіруші шаруашылықпен жасалған шарттың болуы:

р/с №	Шарт нөмірі	Күні	Тұқым жеткізушінің толық атауы	БСН/ЖСН	Мекенжайы
1	2	3	4	5	6

17. Ауыл шаруашылығы өсімдіктері селекциясы саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалармен бірінші, екінші және үшінші репродукциялы тұқым өндірісін ғылыми сүйемелдеуге жасалған болуы:

р/с №	Шарт нөмірі	Күні	Заңды тұлғаның толық атауы/жеке тұлғаның Т.А.Ә.	БСН/ЖСН	Мекенжайы
1	2	3	4	5	6

18. Нақты агроэкологиялық аймақ үшін ұсынылған ауыл шаруашылығы

өсімдіктерін өсіру агротехнологиясын сақтау.

19. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған тұқым өсіру шаруашылығы аумағында карантиндік объектілердің болмауы, бұл ретте карантиндік объектілер тұқым өсіру шаруашылығының аумағында сондай-ақ аттестаттау сәтіне дейін кемінде үш жыл кезеңінде болмауы:

Р/с №	Қорытынды нөмірі	Қорытынды күні	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторының Т.А.Ә.	Шығарылатын қорытынды
1	2	3	4	5

20. Кемінде бір агроном-тұқымшының болуы.

21. Дақылдар мен сорттар бойынша сорт жаңарту жоспарының болуы.

22. Бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым сорттарын өсіру схемасының болуы.

23. Бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымның жоспарланған мөлшерін өндіру үшін түр-түрде және көлемде негізгі тұқым материалының болуы.

24. Бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдардың жоспарланған көлемін өндіру жөніндегі барлық жұмыстар кешенін қамтамасыз ету үшін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы тұқым тазалайтын техниканы және тұқымды дәрілеуге арналған техниканы қоса алғанда, ауыл шаруашылығы техникасының болуы.

25. Тұқымдар партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырмандардың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы ыдыстың, асфальтталған жабық алаңдардың, жеміс, жидек дақылдары мен жүзімге арналған көму алаңдарының болуы.

26. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр сорты бойынша өндірілген, сатылған және өз шаруашылығында пайдаланылған тұқымның саны мен сапасына, шыққан тегіне (себу, егістіктерді қабылдау және (немесе) байқаудан өткізу, тұқымды жинау, кіріске алу, тазалау және өңдеу, сату актілері, тұқымдардың аттестаты, тұқымдардың куәлігі, тұқымдардың конденциялығы туралы куәлік, тұқымдарды есепке алу журналы (ол нөмірлеуге, тігуге, қолы қоюға тиіс) есеп жүргізу.



27. Тұқым шаруашылығы бойынша есеп материалдарының үш жыл сақталуын қамтамасыз ету.

"Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 5-қосымша

### Тұқым өткізушілерді аттестаттау жөніндегі мәліметтер нысаны

1. Заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_

2. Бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

3. Телефоны \_\_\_\_\_

4. Электрондық почта \_\_\_\_\_

5. Жоспарланған жұмыс көлемін білікті түрде орындау үшін тиісті білімі бар (ортадан кейінгі немесе жоғары) штат кестесінде көзделген мамандар санының, оның ішінде кемінде бір агроном-тұқымшының болуы:

р/с №	Маманның Т.А.Ә.	Білімі бойынша мамандығы	Лауазымы	Мамандығы бойынша жұмыс өтілі
1	2	3	4	5

6. Кейіннен сату үшін ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымын жеткізу туралы тұқым өндірушілермен (тұқымды шетелдік жеткізушілерден сатып алған (импорт бойынша) жағдайда тұқым жеткізушілермен) жыл сайын жасалатын шарттың болуы:

р/с №	Шарт нөмірі	Күні	Тұқым жеткізушінің толық атауы	БСН/ЖСН	Мекенжайы
1	2	3	4	5	6

7. Тұқымдар партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырманардың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы ыдыстың, асфальтталған жабық алаңдардың, жеміс, жидек дақылдары мен жүзімге арналған көму алаңдарының болуы.

8. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын сақтау, тазалау және өткізужөніндегі барлық жұмыстар кешенін қамтамасыз ету үшінменшік құқығындағы немесе лизингке немесе мүліктік жалға алынған не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған техниканың болуы.

9. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымының әр партиясы бойынша саны мен сапасының, өткізілетін тұқымның шыққан тегінің, тұқымды құжатталуын облыстың тиісті жергілікті атқарушы органының тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторымен нөмірленуге, тігілуге қол қойылуға тиіс тұқымдарды есепке алу журналын жүргізу.

10. Тұқымдарды сақтау және өткізу материалдарының кемінде үш жыл бойы сақталуын қамтамасыз ету.

11. Қазақстан Республикасының қорғалатын өсімдіктер сорттарының мемлекеттік тізіліміне енгізілген ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының тұқымдарын сатқан кезде "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес патент иесі (лицензиар) тұқым өткізушіге (лицензиатқа) селекциялық жетістікті уақытша пайдалану құқығын беретін лицензиялық шарттың болуы:


р / с №	Лицензиялық шарттың нөмірі	Күні
1	2	3

12. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған карантиндік объектілердің болмауы:

р/с №	Қорытынды нөмірі	Қорытынды күні	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторының Т.А.Ә.	Шығарылатын қорытынды
1	2	3	4	5

"Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне б-қосымша

**Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы куәлік беру кезінде**



- таңдау нұсқасы;



- көрсетілетін қызметті алушы және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің рәсімінің (іс қимылының) атауы;



- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

